

**Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы
«Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2024 ЖЫЛ



Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, қаладағы аудандар, аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар әкімдерінің қызметі туралы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша есептің үлгі нысаны.

Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті беруші туралы ақпарат

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК

2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер:

- Стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірме беру
- Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын беру
- «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан ақпарат беру
- «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан ақпарат беру

*«Психиатрия» және «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан ақпарат беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы немесе ХҚО-да жүзеге асырылады. Осылайша, ОПДО іс жүзінде тек екі мемлекеттік қызмет көрсетеді: стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірме беру және еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру.

Мемлекеттік қызметтер саны: 2

Тегін және/немесе ақылы негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны: 2 тегін

Қағаз және/немесе электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны: 2

3) Ең танымал мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.

Ең танымал қызметтер «Психиатрия» және «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан ақпарат беру». Қызметтер www.egov.kz электронды үкімет веб-порталы арқылы немесе Халыққа қызмет көрсету орталығында автоматты түрде көрсетіледі.

ОПДО-да азаматтар www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы қызмет ала алатын және анықтамаларды басып шығара алатын «өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» бар.

2024 жыл ішінде еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын беру: 40 уақытша еңбекке жарамсыздық парағы берілді. Оның 37-сі электронды форматта, 3-і қағаз форматында.

Мемлекеттік қызмет «Стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірме беру». Медициналық көмектің ерекшелігіне байланысты (психиатриялық және наркологиялық) емдеуші дәрігер әрбір стационарлық пациенттің

медициналық картасынан үзінді көшірмені пациенттің тұрғылықты жері бойынша учаскелік психиатр-наркологқа жібереді. Бұл ретте барлық дәрігерлер «Стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірме беру» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібімен таныс, ал пациент мұндай қызметке жүгінген жағдайда үзінді көшірме дереу беріледі.

2024 жылы пациенттерге 354 үзінді көшірме қызмет алушымен тікелей байланыс арқылы электрондық форматта көрсетілді;

Қызметті алушылармен жұмыс

1) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер:

Ұйымның веб-сайты, стендтер, әлеуметтік желі парақшасы.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді актілердің жобаларын қоғамдық талқылау туралы ақпарат.

2024 жылғы желтоқсанда ОПДО-ның қызметкерлерімен семинарлар өткізілді, онда «Стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірме беру» және «Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру» мемлекеттік қызметтерін көрсету тәртібі талқыланды.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар

1) Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері:

Автоматтандырылған қызметтер «Психиатрия» және «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан ақпарат беру.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар:

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында «Облыстық психикалық денсаулық орталығымен көрсетілетін денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру» тақырыбында семинарлар мен кездесулер өткізілді. Қызмет көрсетушілердің әрекеттеріне қатысты азаматтардың теріс кері байланысын болдырмау. Қатысушылар: Облыстық психикалық денсаулық орталығының мамандары.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бақылау

1) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы мәліметтер:

Ешқандай шағым түскен жоқ.

Директор

Орын. Койшыбаева А.Т.
87710003792



Высоцкий А.А.